

Алатау қаласында бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды, бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды пайдалану тәртібін, олардың шекті толу нормаларын, сондай-ақ бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды материалдық-техникалық және ұйымдастырушылық қамтамасыз етуге қойылатын талаптар мен пикеттеуді өткізуге тыйым салынған іргелес аумақтардың шекараларын айқындау туралы

Алматы облысы Алатау қалалық мәслихатының 2024 жылғы 27 желтоқсандағы № 14-45 шешімі. Алматы облысы Әділет департаментінде 2024 жылғы 31 желтоқсанда № 6202-05 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабына, "Қазақстан Республикасында бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу тәртібі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 8-бабының 2-тармағының 1), 2) тармақшаларына сәйкес, Алатау қаласының мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Қоса беріліп отырған:

1) Алатау қаласында бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындар, олардың шекті толу нормалары, сондай-ақ материалдық-техникалық және ұйымдастырушылық қамтамасыз етуге қойылатын талаптар осы шешімнің 1-қосымшасына сәйкес;

2) Алатау қаласында бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды пайдалану тәртібі осы шешімнің 2-қосымшасына сәйкес айқындалсын.

2. Заңның 9-бабы 5-тармағына сәйкес пикеттеуді өткізуге тыйым салынған іргелес аумақтардың шекаралары кемінде 800 метр арақашықтықта айқындалсын.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау Алатау қаласы мәслихатының "Тұрғындарды әлеуметтік қорғау, еңбек, жұмыспен қамту, білім, денсаулық сақтау, мәдениет, спорт және тіл, депутаттық этика, өкілдептілік, заңдылықты сақтау, құқық тәртібі және жүртшылық пен байланыс мәселелері жөніндегі" тұрақты комиссиясына жүктелсін.

4. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

P. Абилова

Алатау қаласы мәслихатының 2024

жылғы 27 желтоқсандағы № 14-45

шешіміне 1-қосымша

Алатау қаласының аумағында бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындар, олардың шекті толу нормалары және материалдық-техникалық және ұйымдастырушылық қамтамасыз етуге қойылатын талаптар

№	Елді мекеннің атауы	Орналастыру үшін орындар	Шекті толу нормалары	Материалдық-техникалық және ұйымдастырушылық қамтамасыз етуге қойылатын талаптар
1	Алатау қаласы	Бінтымақ шағын ауданында Әл-Фараби мен Қожа Ахмет Яссави көшелерінің қиылсында орналасқан "Береке" дүкенінің автотұрақ алаңы	200 адам	-жарықтандыру -электр қуат көзінә косылу нұктесімен қамтамасыз ету -бейнебақылау камерасымен және бейнетүсірілім қондыргысымен қамтамасыз ету
2	Алатау қаласы	Жетіген шағын ауданында Абылай хан көшесі мен Райымбек батыр көшесінің қиылсындағы Орталық алаң	300 адам	- маршрут бойындағы көшенің жарығы бар -бейнебақылау камерасымен және бейнетүсірілім қондыргысымен қамтамасыз ету

Алатау қаласы мәслихатының 2024 жылғы 27 желтоқсандағы № 14-45 шешіміне 2-қосымша

Алатау қаласында бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды пайдалану тәртібі

Осы бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды пайдалану тәртібі Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасында бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу тәртібі туралы" Заңының (бұдан әрі – Заң) 8-бабына сәйкес әзірленді және бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды пайдалану тәртібін айқындайды.

Бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындар – Алатау қаласының жергілікті өкілді органы бейбіт жиналыстар өткізу үшін айқындаған жалпыға ортақ пайдаланылатын орындар немесе жүру маршруты.

Бейбіт жиналыстарды өткізуге арнайы орындарда – сипатына қарай бейбіт, күш қолданылмайтын және қаруланбайтын, мемлекеттік қауіпсіздік, қоғамдық тәртіп, денсаулық сақтау, халықтың имандылығын, басқа адамдардың құқықтары мен

бостандықтарын қорғау мұдделеріне қатер төндірмейтін болып табылатын, Қазақстан Республикасының азаматтары жиналыс, митинг пен демонстрация, шеру мен пикеттеу нысанында өткізетін жария іс-шара.

Занды бұза отырып, жиналыс, митинг, демонстрация, шеру және пикеттеу өткізуге тыйым салынады.

Төтенше, соғыс жағдайы немесе терроризмге қарсы операцияның құқықтық режимі енгізілген кезде олардың қолданылу кезеңінде бейбіт жиналыстар өткізуге "Төтенше жағдай туралы", "Соғыс жағдайы туралы" және "Терроризмге қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен тыйым салынуы немесе шектеу қойылуы мүмкін.

Бейбіт жиналыстарды бейбіт жиналыстар өткізілетін қуні әкімшілік-аумақтық бірліктің жергілікті уақыты бойынша сағат 9-дан ерте бастауға және сағат 20-дан кеш аяқтауға болмайды.

Бейбіт жиналыстар өткізу үшін арнайы орындарды пайдаланған кезде үйимдастыруышылар және қатысушылар Заңның 5 және 6-баптарының талаптарын сақтау қажет.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК